# ЖИДЕБАЙ БАТЫР КЕСЕНЕСІНЕ САЯХАТ




Біртуар тұлғалардың есімін тарихта мәңгі қалдыру, олардың есімдерін ұрпақтар жадынан өшірмеу, қазақ тарихында алар орны туралы деректермен молынан таныстыру мақсатында біздің аудандық музейде толымды шаралар өткізу қолға алынған. Осыған орай жақында «Қазақстанның рухани киелі жерлері» жобасы аясында «Киелі жерлерге саяхат» бойынша тарихи экскурсия ұйымдастырдық. Өлкеміз бойынша ішкі туризмді дамыту, дәріптеу, насихаттау мақсатында қазақ жерін жоңғар шапқыншыларынан азат етуде теңдесі жоқ ерлік көрсеткен қолбасшы, қазақ жерінің тұтастығын сақтауда асқан ерлігімен, табандылығымен танылған әруақты батыр, әрі би, әрі шешен Абылайханның беделді де, белді батыры болып арнайы жасағын басқарған қолбасшысы Жидебай Қожаназарұлының кесенесіне саяхат жасалды.

Қазақ жерінің тұтастығын сақтауда асқан ерлігімен, табандылығымен танылған Жидебай Қожаназарұлы 1713-1813 жылдар аралығында өмір сүрген тұлға. Әлтеке Дос батырдың немересі, Жидебай Қожаназарұлы әруақты батыр, әрі би, әрі шешен мың басы атанып, 34 жыл аттан түспей, елін сыртқы жаудан қорғаған. Аңырақай, Қаншеңгел, Ақсүйек, Баян, Нұра, Тарбағатай, Батыс Алтай, Шоңжы, Құлжа, Алатау жорықтарына қатысқан. Аңыздарға сүйенсек, Жидебай батырдың киесі екі түлкі болған екен. «Замана өтпес болсашы-ай, Жидекем, өлмес болсашы-ай» - деп Қаз дауысты Қазыбек би, батырдың ерлігі мен шешендігін ерекше бағалаған екен.

Осы саяхат барысында аудандық музей қызметкерлері балаларға қазақ халқының даңқты, әрі әруақты батыры Жидебай Қожаназарұлы туралы деректермен таныстырып, аңыз әңгімелерге тоқталып өтті. Балалар тарихи экскурсия барысында тарихи танымдары артып, өткенімізді өз көздерімен көріп, үлкен білім мен зор әсер алды.

Халық арасында кеңінен тарап кеткен: «Сарыарқадай жер қайда, Жидебайдай ер қайда?!» деген сөздің де бүгінге дейін жетіп отырғаны батырдың шын мәнінде ел басына күн туған зұлмат заманда ұлан-ғайыр атырабты ұрпаққа мирасқа қалдыруды мұрат тұтқан баһадүр екендігін паш етеді. Жидебай батырдың тағы бір ерекшелігі оның шешендігі. Елін, жұртын құлақ қойып тыңдамаса болмайтындай мағыналы да мәнді сөзімен дау-жанжалдан қорғай білген. «Жидекең былай депті», «Жидекең айтыпты» деген сөздер қазір де ел арасында жиі айтылып келеді.

**Бархыт БАЯМАНОВА,**
**аудандық музей қызметкері.**

Шет өңірі. - 2023. - 3 тамыз (№31). - 1 б.